



БҰЙРЫҚ

23.09.2022 № 556

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

город Нур-Султан

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ұлттық
тестілеу орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорнының жарғысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 7 қыркүйектегі № 2-08-3/3972-И ұсынымы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 2008 жылғы 5 тамыздағы № 492 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ұлттық тестілеу орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының (бұдан әрі – Кәсіпорын) жарғысына қоса беріліп отырған өзгерістер мен толықтыру бекітілсін.

2. Кәсіпорын заңнамада белгіленген тәртіппен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамында Кәсіпорынды мемлекеттік қайта тіркеуді жүзеге асырсын.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға



Б. Тәшенов



Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Мемлекеттік мүлік және
жекешелендіру комитеті Төрағасының
2022 жылғы «23» қыркүйекі
№ 256 бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ұлттық
тестілеу орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорнының жарғысына өзгерістер мен толықтыру**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 2008 жылғы 5 тамыздағы № 492 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ұлттық тестілеу орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жарғысында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ұлттық тестілеу орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Орталық) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдастыру-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.»;

1-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Орталық «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі қарамағындағы мемлекеттік заңды тұлғалардың тізбесіне енгізілді.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Орталық басқаруды жүзеге асыратын орган Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.»;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Орталықтың атауы:

толық:

мемлекеттік тілде – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі «Ұлттық тестілеу орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

орыс тілінде – Республиканское государственное казенное предприятие «Национальный центр тестирования» Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан;

қысқартылған:

мемлекеттік тілде – «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК;
орыс тілінде – РГКП «Национальный центр тестирования».

Директор Р.Т. Емелбаев  _____